

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2020 жылғы 01 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы (бұдан әрі – ҚРҰБ) БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 12 723,19 млрд. теңгені¹ құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2020 жылға ағымдағы құны	01.01.2020 жылға үлесі	01.12.2020 жылға ағымдағы құны	01.12.2020 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	3 924,29	36,34%	5 621,21	44,18%	43,24%
ҚРҰБ ноттары	443,71	4,11%	81,08	0,64%	-81,73%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	1 235,06	11,44%	1 269,85	9,98%	2,82%
ХҚҰ	361,70	3,35%	488,88	3,84%	35,16%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	28,49	0,26%	29,35	0,23%	3,01%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	1 604,96	14,86%	1 779,26	13,98%	10,86%
ҚР ЕДБ облигациялары	1 183,29	10,96%	1 150,63	9,04%	-2,76%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	9,33	0,09%	6,85	0,05%	-26,60%
Квазимемлекеттік сектордың шетелдік эмитенттердің облигациялары	232,50	2,15%	258,40	2,03%	11,14%
PPN (құрылымдық ноттар)	30,80	0,29%	33,68	0,26%	9,36%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	239,36	2,22%	279,78	2,20%	16,89%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары	29,03	0,27%	28,58	0,22%	-1,57%
Депозиттер	254,91	2,36%	249,81	1,96%	-2,00%
ҚРҰБ депозиттері	138,00	1,28%	128,10	1,01%	-7,18%
Шетелдік банктердегі депозиттер	328,42	3,04%	208,43	1,64%	-36,54%
Своп	18,40	0,17%	-	0,00%	-100,00%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	510,67	4,73%	172,71	1,36%	
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) ²	13,49	0,12%	85,87	0,67%	
Репо	-	-	84,86	0,67%	
Сыртқы басқарудағы активтер	211,89	1,96%	765,87	6,02%	261,45%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	10 798,31	100,00%	12 723,19	100,00%	17,83%
Жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер					
Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша	10,90		4,53		
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	10 809,21		12 727,71		17,75

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған табыстылық (ҮТМ) 01.12.2020 жылғы жағдай бойынша жылдық 7,7% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 9,4%, шетелдік валютада – жылдық 2,5%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

¹ Зейнетақы жарналары және төлемдері шоттарындағы ақша есебісіз.

² дебиторлық берешекке қаржы құралдары шығарылымы проспектісінің талаптарына сәйкес эмитент тарапынан берешекті өтеу күні келіп жеткен сыйақы және/немесе негізгі борыш бойынша алынатын сома, сондай-ақ ҚҚ сатудан алуға ақшалай қаражат кіреді.

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны на 14,66 млрд. теңгеге кеміді және 5 621,21 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 44,18% құрады.

Есептік кезеңде 2020 жылғы 3 желтоқсан валюталау күнімен 36,73 млрд. теңге көлемінде теңгеге номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылды. Есептік айда 19,21 млрд. теңге сомасына ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді. ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынбады.

Есептік күнге теңгеге номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған табыстылық жылдық 8,9%, АҚШ долларымен – жылдық 4,4% құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары

Есептік кезеңге ҚР Ұлттық Банкі ноттарының ағымдағы құны 81,08 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,64%.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР Ұлттық Банкінің ноттары сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есептік ай үшін шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 468,27 млрд. теңгеге ұлғайды және 1 269,85 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 9,98% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде жалпы сомасы 157,72 млрд. теңгеге АҚШ МБҚ сатылды. АҚШ МБҚ өтелмеді.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 0,09% орташа алынған табыстылықпен 645,10 млрд. теңге көлемінде АҚШ қысқа мерзімді МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған табыстылығы жылдық 1,04% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 60,55 млрд. теңгеге ұлғайды және 488,88 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 3,84% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 2,00% мөлшеріндегі инфляция және сыйлықақысына тең табыстылықпен номиналды құны бойынша 60,00 млрд. теңге көлемінде Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің бағалы қағаздары сатып алынды.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатылмады және өтелмеді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған табыстылық теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 9,8% құрады, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы, АҚШ долларына номинирленгені – жылдық 5,0% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Орташа алынған өтеу мерзімі 3,78 жыл болатын ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны есептік айда 0,88 млрд. теңгеге ұлғайды және 249,81 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,96% құрады.

ҚР ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған табыстылық жылдық 9,1% құрады.

Шетелдік банктердегі депозиттер

Есептік күнге шетелдік банктердегі депозиттердің ағымдағы құны 208,43 млрд. теңгені құрады. Портфельдегі олардың үлесі 1,64% құрады.

Есептік айда жалпы сомасы 282,56 млрд. теңге шетелдік банктердегі салымдар өтелді.

Қарастырылып отырған кезеңде салымдар орналастырылмады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны есептік күнге 128,10 млрд. теңгені құрады. Портфельдегі олардың үлесі 1,01%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 7,87% орташа алынған табыстылықпен 53,33 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есептік айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 0,26 млрд. теңгеге ұлғайды және 29,35 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,23% құрады.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 73,80 млрд. теңгеге кеміді және 1 779,26 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 13,98% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде кері сатып алу шеңберінде 74,60 млрд. теңге сомасына «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның облигацияларының бөлігі сатылды.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 11,30% табыстылықпен 36,70 млрд. теңге көлемінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ облигациялары сатып алынды.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының бағалы қағаздары өтелмеді.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған табыстылық теңгеге номинирленген жылдық 10,8%, АҚШ долларына – жылдық 5,20% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 0,62 млрд.теңгеге ұлғайды және 1 150,63 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 9,04% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде басымды жобаларды несилеу механизмінің талаптарына сәйкес («қарапайым заттар экономикасы») «Банк «Bank RBK» АҚ тарапынан 2,27 млрд. теңге сомасына облигациялар бөлігі кері сатып алынды. ҚР ЕДБ облигациялары сатып алынбады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған табыстылық теңгеге номинирленген жылдық 10,1%, АҚШ долларына – жылдық 6,3% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары

Есептік айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 2,36 млрд. теңгеге кеміді және 6,85 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,05% құрады.

Эмиссия проспекінде белгіленген мерзімге сәйкес 2,26 млрд. теңге сомасына Morgan Stanley облигациялары бойынша негізгі борыш өтелді.

Есептік кезеңде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатып алынбады және сатылмады.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған табыстылығы жылдық 8,0% құрады.

Квазимемлекеттік сектордың шетелдік эмитенттерінің облигациялары

Есептік айда квазимемлекеттік сектордың шетелдік эмитенттерінің облигацияларының ағымдағы құны 5,29 млрд. теңгеге кеміді және 258,40 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,03% құрады.

Есептік кезеңде квазимемлекеттік сектордың шетелдік эмитенттерінің облигациялары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

БЖЗҚ ЗА портфелінде квазимемлекеттік сектордың шетелдік эмитенттерінің облигацияларын өтеуге орташа алынған табыстылығы есептік күнге жылдық 4,6% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 33,68 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,26% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 8,29 млрд. теңгеге ұлғайды және 279,78 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,20% құрады.

ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда шетелдік эмитенттердің акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 2,45 млрд. теңгеге ұлғайды және 28,58 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,22% құрады.

Есептік кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары сатылмады және сатып алынбады.

Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде Қазақстан қор биржасында шетелдік валютамен сатып алу-сату мәмілелері жасалмады.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	<i>млрд. теңге</i>				
	01.01.2020 жылға ағымдағы құны	01.01.2020 жылға үлесі	01.12.2020 ж. ағымдағы құны	01.12.2020 ж. үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	7 201,0	66,69%	8 954,03	70,38%	24,34%
АҚШ доллары	3 261,36	30,20%	3 745,49	29,44%	14,84%
Ресей рублі	33,45	0,31%	17,14	0,13%	-48,78%
Басқа валюта	302,50	2,80%	6,53	0,05%	-97,84%
Жиынтығы:	10 798,31	100,00%	12 723,19	100,00%	17,83%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы салдарынан және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2020 жылдың басынан есептелген инвестициялық табыс көлемі 1,2 трлн. теңгені құрады. Салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы 2020 жылдың басынан бастап 6,50% инфляция кезінде 10,16% құрады. Осылайша БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты табыстылық 3,66% құрады.

Бұл ретте БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін 2020 жылғы 01 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің табыстылығы соңғы 12 ай ішінде (2019 жылдың желтоқсанынан 2020 жылдың қарашаға дейін) 7,30% мөлшеріндегі инфляция кезінде 10,58%

құрады. Осылайша соңғы 12 ай үшін БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты табыстылық 3,28% құрады.

Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. ҚРУБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық табыс құрылымы
млрд. теңге

Атауы	2020 жылдың басынан инвестициялық табыс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыстар	757,18
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан табыс (шығын)	30,03
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан табыс (шығын)	318,59
Басқа активтерді қайта бағалаудан (БҚК) табыс (шығын)	- 5,49
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс (шығын)	62,64
Басқа табыстар (шығындар)	9,25
Жиынтығы:	1 172,20

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ³ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2020 жылғы 01 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы деректер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	KZT ақшалай қаражат	0,01%	иә
	Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат	1,35%	иә
1	Қазақстандық эмитенттер:	70,82%	
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	44,82%	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	1,01%	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	15,04%	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:	9,63%	иә
1)	борыштық бағалы қағаздар	7,03%	иә
2)	үлестік бағалы қағаздар	0,79%	иә
3)	депозиттер	1,80%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,02%	иә
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.6	Қазақстан қор биржасының ресми тізімінің «Премиум» санатына немесе инвестициялау кезінде дәл сондай немесе әлемдік қор биржаларында нарықтық капитализациясы үш триллион АҚШ долларынан асатын листингі бар санатқа кіретін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің үлесті бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес үлесті бағалы қағаздары	0,30%	иә
1.7	Қазақстан қор биржасының және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында әрекет ететін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ислам қаржыландыру құралдары	0,0%	иә

³ БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 2020 жылғы 20 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген

1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2	Шетелдік эмитенттер:	23,38%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	14,67%	иә
2.2.	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	5,08%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	1,72%	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	1,64%	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,26%	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	0,06%	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың:	0,00%	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,0%	иә

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номиналды құны теңгемен
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	645 103 840 000
Облигациялар	KZT	Еуропалық қайта құру және Даму Банкі	60 000 000 000
Облигациялар	KZT	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ	36 700 000 000
Жиынтығы			741 803 840 000

6-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сату бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Мәміле сомасы теңгемен
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	157 720 264 274
Еурооблигациялар	USD	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	74 604 510 750
Облигациялар	KZT	«Банк «Bank RBK» АҚ	2 267 735 707
Жиынтығы			234 592 510 730

7-кесте. Есептік айдағы бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу жөніндегі мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Мәміле сомасы теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	19 207 327 000
Облигациялар	BRL	Morgan Stanley	2 261 188 322
Жиынтығы			21 468 515 322

8-кесте. Есептік айдағы салымдар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Өтеуге сома теңгемен
Салым	USD	Credit Agricole	115 846 000 000
Салым	USD	Bank of Tokyo-Mitsubishi	63 430 500 000
Салым	USD	DBS Bank	55 183 700 000
Салым	USD	Societe Generale	48 097 280 000
Жиынтығы			282 557 480 000